

## Радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектрондық құралдарын тіркеу және пайдалану ережелерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2009 жылғы 10 ақпандағы N 71 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 18 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5596 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 6 маусымдағы № 313 бұйрығымен.

**Ескерту. ҚР Көлік және коммуникация министрінің 06.06.2012 № 313 бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы "Байланыс туралы" Заңының 8-бабы 1-тармағы 8-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектрондық құралдарын тіркеу және пайдалану ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің Байланыс департаменті (Баймуратов А.Е.) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес мыналарды қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министірлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министірлігінде мемлекеттік тіркелуден соң, бұқаралық ақпарат құралдарында ресми хабарлауын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының орынбасары А.Д. Бишиғаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланғаннан он күннен кейін бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

К. Есекеев

Қазақстан Республикасы  
ақпараттандыру және байланыс  
Агенттігі төрағасының  
2009 жылғы 19 ақпандағы  
N 71 бұйрығымен бекітілген

**Радиоәуесқойлық қызметінің радиоэлектрондық қондырғыларын тіркеу және пайдалану**

## **Ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы аумағында радиоәуесқойлық қызметтің радиоэлектрондық қондырғыларын тіркеу және пайдалану тәртібін реттемелейді (бұдан әрі – Ереже).

2. Радиоәуесқойлық қызмет - өзін-өзі жетілдіру, өзара байланысу және техникалық зерттеу мақсатында, бұған тиісті рұқсаты бар, жеке тұлғалар іске асыратын, радиобайланыс қызметі.

3. Әуесқойлық радиостанциялар жеке және ұжымдық қолданыстағы радиостанцияларға бөлінеді.

4. Әуесқойлық радиостанцияларды пайдалануға құқық беретін рұқсаттаманы рәсімдеуді және тіркеуді Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы жүзеге асырады (бұдан әрі - Аумақтық орган).

5. Осы Ереже талаптарын, әуесқойлық радиостанцияларды пайдаланушы Қазақстан Республикасының азаматтары, сонымен қатар Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік органының уақытша рұқсаты берілген шет ел азаматтары да орындауға міндетті.

### **2. Әуесқойлық радиостанциялардың санаттары**

6. Әуесқойлық радиостанциялар келесі санаттарға бөлінеді:

1) Байланыс класы:

"экстра" санаты;

бірінші санат;

екінші санат;

үшінші санат;

бақылаушы санаты;

2) Техникалық класс:

спорттық радиопеленгацияға арналған келтіргіштер;

тікелей қатысумен сайысуға арналған радиостанциялар;

репитерлар, ретрансляторлар;

шалқарлар;

модельдерді радиобасқару.

Байланыс класындағы әуесқойлық радиостанциялар, радиоәуесқойлар арасында, радиоәуесқойлар мен автоматты радиоқондырғылар (автожауап қайтарушылар, репитерлер, ретрансляторлар, оның ішінде ғарыштық объектілерде орнатылған) арасында радиобайланыстар жүргізуге арналған. Осы Ереженің 1-қосымшасында көрсетілген байланыс класындағы әуесқойлық

радиостанцияларға рұқсат етілген жиілік жолақтары, қуаттылығы және радиотолқын шығару түрлері.

Техникалық кластағы әуесқойлық радиостанциялар спорттық радиопеленгация жөніндегі сайыстарды, радиоәуесқойлық үш жақты және көп жақты сайыстарын, радиоәуесқойлық сигналдарды ретрансляциялауды, әуесқойлық телемеханика модельдері мен жүйесін радиобасқару және радиошалқарды ұйымдастыруды қамтамасыз етуге арналған. Осы Ереженің 2-қосымшасында көрсетілген Техникалық кластағы әуесқойлық радиостанцияларға рұқсат етілген жиілік жолақтары, қуаттылығы және толқын шығару түрлері.

7. Әуесқойлық радиостанцияны пайдалану 8 жасқа толған тұлғаларға рұқсат етіледі;

ұжымдық радиостанциялардың басшылары жасы 18 жеткен тұлғалар болуы тиіс.

8. Радиоәуесқойлар қызметі жиіліктерін коммерциялық мақсатта пайдалануға тиым салынады.

### **3. Әуесқойлық радиостанцияларға санат беру тәртібі**

9. Әуесқойлық радиостанцияны пайдалануға рұқсат аламын деуші тұлғалардың біліктілігін анықтау радиоәуесқойлардың Республикалық ұйымының филиалы жанынан біліктілік-техникалық комиссиясы құрылады. Бір әкімшілік-аумақта біліктілік-техникалық комиссиясы болмаған жағдайда, емтиханды біліктілік-техникалық комиссиясы бар басқа аймақта тапсыруға болады.

10. Біліктілік-техникалық комиссияның құрамы "экстра-класс" және 1-санаттарындағы, әуесқойлық радиостанцияны пайдалануға рұқсаты бар, кем дегенде 5 радиоәуесқойдан тұрады. Қажет деп тапқан жағдайда, комиссия құрамына "экстра-класс" және 1-санаттарындағы әуесқойлық радиостанцияны пайдалануға рұқсаты бар радиоәуесқойлардың Республикалық ұйымына мүше емес радиоәуесқойларды және аумақтық органның өкілін де кіргізуге болады.

11. Комиссия төрағасы мен комиссия құрамын Аумақтық органның келісуі бойынша, Республикалық радиоәуесқойлар ұйымы бекітеді және ол біліктілік емтиханының қабылдау ережесі мен нормасының сақталуына толық жауапты болады.

12. Осы Ереженің 3-қосымшасында көрсетілген радиоәуесқой біліктілігін анықтау, Қазақстан Республикасы аумағында радиоәуесқойлар қызметін реттемелейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, электр және радиотехника негіздерін, эфирде жұмыс істеу және техникалық қауіпсіздік ережелерін білу тақырыбында емтихан түрінде жүргізіледі.

13. Осы Ереженің 3-қосымшасында көрсетілген талапкердің біліктілігін анықтау үшін тақырыптар бойынша, әр санат үшін емтихандық сұрақтар құрастырылады. Емтихандық сұрақтар Республикалық радиоәуесқойлар ұйымында әзірленіп, Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік органында бекітіледі және оны барлық біліктілік-техникалық комиссиялар қолдануға міндетті.

14. Әуесқойлық радиостанцияны қолдануға рұқсат алғысы келген, немесе әуесқойлық радиостанцияның санатын жоғарылатқысы келген тұлға біліктілік-техникалық комиссияға емтихан қабылдауын сұрап, өтініш береді. Біліктілік-техникалық комиссия емтиханның уақыты мен өтетін жерін анықтап, үміткерді жазбаша хабарландырады. Өтініштің қаралу мерзімі бір айдан аспауы керек.

15. Осы Ереженің 4-қосымшасында көрсетілген емтихан нәтижесі бойынша үміткерге оның білімі мен машығына қарай әуесқойлық радиостанцияның қай санатына сәйкестігі туралы біліктілік-техникалық комиссиясы қорытынды шығарады. Емтихан қорытындысы, біліктілік комиссиясы мүшелерінің қол қоюы арқылы бекітіліп, Аумақтық органда сақталады.

16. Ұжымдық радиостанция операторларының біліктілігін олардың бастығы жүргізеді. Тексерістің нәтижесі бойынша операторлар өздерінің санаты бойынша сәйкес келетін диапазондарда және радиотолқын шығару түрлері бойынша радиобайланыстар жүргізуге жіберіледі.

17. "Экстра" санаты біліктілік-техникалық комиссия қорытындысы негізінде, Республикалық радиоәуесқойлар ұйымының ұсынуы арқылы, Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік органының шешімі бойынша, радиоспорттан спорт шеберіне кандидаттан кем емес дәрежесі бар спортшыларға беріледі.

18. Ұжымдық әуесқойлық радиостанция санаты оның басшысының біліктілігімен анықталады.

19. Әуесқойлық радиостанция санатын келесі жоғарылату, соңғы санатты алғаннан соң, бір жыл уақыт өткеннен кейін ғана жүргізіледі.

#### **4. Әуесқойлық радиостанцияны пайдалануға берілетін рұқсатты рәсімдеу тәртібі**

20. Осы Ереженің 1-қосымшасында көрсетілген алынатын құрылғылардың техникалық көрсеткіштері талаптарға сай болған жағдайда, әуесқойлық радиостанцияны қолдануға құқық беретін рұқсаттама радиоәуесқойларға

әуесқойлық радиостанцияларды жасап немесе сатып алуға да құқық береді. Барлық, мұнан өзге жағдайларда радиоэлектронды қондырғыларды сатып алу жалпылық негізде жүзеге асырылады.

21. Әуесқойлық радиостанциясын қолдануға құқық беретін рұқсаттама, Аумақтық органда мына құжаттар негізінде беріледі:

1) осы Ереженің 5-қосымшасында көрсетілгендей бекітілген нысандағы өтініш-сауалнама;

2) біліктілік-техникалық комиссиясының қорытындысы.

3) жеке куәлік көшірмесі (паспорт);

4) осы Ереженің 6-қосымшасында көрсетілген отбасы басшысының (қамқоршы) әуесқойлық радиостанцияны пайдалануға рұқсат алуға келісімі және осы Ереже талаптарын орындау (16 жасқа толмаған тұлғаларға) жауапкершілігін өзіне алатындығы жөнінде өтініш – қолхаты.

22. Ұжымдық радиостанция ашқанда, бұған қосымша ғимарат меншік иесінің келісімі тапсырылады.

23. Ұжымдық радиостанцияны пайдалану рұқсаттамасы сол радиостанция басшысының атына рәсімделеді.

24. "Бақылаушы" санатын алуға талапкерлерге шақыру сигналын беру құқығы біліктілік-техникалық комиссияларына жүктеледі.

25. Әуесқойлық радиостанцияны пайдалануға берілетін рұқсаттаманы рәсімдеу, Аумақтық органға құжаттар келіп түскеннен соң, бес жұмыс күннен аспауы тиіс.

26. Осы Ереженің 7-қосымшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының барлық аумағында әуесқойлық радиостанцияны пайдалануға рұқсаттама бір үлгіде беріледі.

27. Рұқсаттама мерзімі жыл сайын наурыз айының 25 дейін, Аумақтық органда ұзартылады.

28. Әуесқойлық радиостанцияны Қазақстан Республикасы аумағында пайдалануға рұқсат алғысы келген шет елдік азаматтар, Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік органына мына құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) Осы Ереженің 8-қосымшасына сәйкес Әуесқойлық радиостанцияның орналасатын жері көрсетілген өтініш;

2) Республикалық радиоәуесқойлар ұйымының қолдаухаты.

3) әуесқойлық радиостанцияны пайдалануға берілген рұқсат қағаздың көшірмесі;

4) әкелінетін құрылғылардың тізімі.

Әуесқойлық радиостанцияны Қазақстан Республикасы аумағына пайдалануға шет елдік азаматқа берілетін рұқсаттама бір жолғы болып табылады. Шет елдік

азамат осы рұқсаттама бойынша құрылғыларын тиісті мерзімде және көрсетілген мөлшерде әкеліп және қайта әкете алады. Бұрын әуесқойлық радиостанцияны пайдалануға рұқсаттамасы болмаған шет елдік азаматтар, Қазақстан Республикасы аумағына тұрақты тұруға құжаты болған жағдайда, оны жалпылама негізде алуына болады.

29. Мекен-жайын өзгертуіне байланысты радиостанцияны басқа облысқа ( мемлекетке) шығарған жағдайда, радиостанцияны пайдалануға берілген рұқсаттама Аумақтық органға қайтарылады. Осы Ереженің 9-қосымшасына сәйкес Аумақтық орган радиоәуесқойға ол жайында анықтама береді.

30. Радиоәуесқой, осы анықтама бойынша, біліктілік емтиханның тапсырмай, бұрынғы болған санаты бойынша, радиостанцияны пайдалануға рұқсаттама алуға құқылы. Анықтама басқа құжаттармен қоса тапсырылуы тиіс.

## **5. Әуесқойлық радиостанцияларды тіркеу тәртібі**

31. Осы Ереженің 10-қосымшасында көрсетілгендей нысанда Әуесқойлық радиостанцияларды тіркеу Аумақтық органда, біліктілік-техникалық комиссиясының әуесқойлық радиостанциялардың техникалық жағдайы туралы тексеру актісі негізінде жүргізіледі.

32. Әуесқойлық радиостанциялардың техникалық жағдайын тексеру актісінде көрсетілетін мәліметтер:

- 1) жеке (ұжымдық ) радиостанция иесінің (басшысының) тегі, аты, әкесінің аты;
- 2) мекен-жайы;
- 3) тарату құрылғыларының саны, қуаты, жиілік диапазондары;
- 4) өндірісте жасалған радиостанциялар үшін маркасы мен зауыттық нөмірі;
- 5) біліктілік-техникалық комиссияның техникалық тексеру жөніндегі қорытындысы;

33. Әуесқойлық радиостанция сатылған жағдайда оны тіркеуден шығару, сатып алушының реквизиттері көрсетілуі арқылы, Аумақтық органда жүргізіледі.

## **6. Радиостанцияны пайдалану тәртібі**

34. Әуесқойлық радиостанцияны пайдалануға берілетін рұқсаттаманың күші Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралады.

35. Әуесқойлық радиостанция, радиостанцияны қолдану рұқсаттамасында көрсетілген мекен-жайға орналасады.

36. Ұжымдық радиостанция өрт және электр қауіпсіздігі талаптарына сәйкес бөгде адамдар таратқыш құрылғыларға соқтықпайтындай ғимараттарда

орналасуы тиіс. Жеке радиостанцияның иесі оны, техникалық қауіпсіздік ережелеріне сәйкес, өзіне қолайлы жерге орналастыра алады.

37. Техникалық қауіпсіздік пен өрт қауіпсіздік ережелерінің орындалынуына, әуесқойлық радиостанцияның иесі (ұжымдық радиостанция басшысы) жауапты.

38. Әуесқойлық радиостанция иесі, өз радиостанциясын пайдалануды, Қазақстан Республикасында жеке қолданыстағы әуесқойлық радиостанцияны қолдануға рұқсаттамасы бар кез-келген тұлғаға рұқсат ете алады. Ол тұлға, өз санатында рұқсат етілген жиіліктер диапазонында, рұқсат етілген қуатымен, радиотолқын шығару түрімен, өз шақыру сигналымен жұмыс істей алады.

Ұжымдық радиостанция басшысы радиостанцияны қолдануға осы ұжымдық радиостанция мүшелерін және әуесқойлық радиостанцияны қолдануға рұқсаттамасы бар жеке қолданыстағы радиостанция иелеріне рұқсат ете алады. Радиостанциядағы жұмыс тек қана осы радиостанцияның шақыру сигналымен жүргізіледі.

39. Радиостанцияны уақытша, басқа облысқа көшіруге, 12 айдан артық емес мерзімге рұқсат етіледі. Радиоәуесқой бұл жайында, үш ай мерзім ішінде тиісті Аумақтық органға хабарлайды.

Әуесқойлық радиостанция басқа облыс аумағынан жұмыс жасаған жағдайда шақыру сигналы мынадай бөлшекпен толығыады:

Мысалға: UN7AA/7

40. Жылжымалы әуесқойлық радиостанцияның жұмысын анықтау үшін шақыру белгісіне мынадай бөлшек қосылады: /М немесе /Р.М - автомобильде орнатылған, Р - қолға алып жүретін радиостанция.

Мысалға: UN7AA/М

41. Радиостанция облыс аумағында, негізгі тұрағынан басқа жерде жұмыс жасаған жағдайда оның шақыру сигналына мынадай бөлшек қосылады: /А  
Мысалы: UN7AA/А

42. Кеме бортынан (өзен, теңіз, әуе) әуесқойлық радиостанциямен жұмыс істеуге кеме капитанының (командирінің) келісімі бойынша рұқсат етіледі.

Бұл жағдайда әуесқойлық радиостанцияның шақыру сигналы мынадай бөлшекпен толығыады: /ММ, немесе /АМ. ММ – теңіз, өзен кеме бортынан, АМ - әуе кеме бортынан.

Мысалға: UN7AA/ММ.

## **7. Әуесқойлық қабылдап-таратушы радиостанцияларға қойылатын техникалық талаптар**

43. Әуесқойлық радиостанцияның құрамына мыналар кіреді:

1) қабылдап-таратушы құрылғылар;

2) антенналық қондырғылар;

3) радиотаратқыш құрылғылар параметрлерін бақылайтын қосымша қондырғылар.

44. Санатына қарай және әуесқойлық диапазон (жолақтар) жиіліктер шегінде электр-магнитті толқын шығарудың келесі түрлері қолданылады:

CW - жолақ ауқымы 100 Герц амплитудалық модуляциялы телефония (100HA1A);

SSB - жолақ ауқымы 3 кГц бір жолақтық модуляциялы телефония (3K00J3E, 3K00R3E );

AM - жолақ ауқымы 6 кГц амплитудалық модуляциялы телефония (6K00A3E)

;

FM - жолақ ауқымы 6 кГц жиіліктік модуляциялы телефония (6K00A3E);

DIGIMODE - цифрлық байланыстың барлық рұқсат етілген түрлері.

ATV - радиоәуесқойлық телевизия.

45. Әуесқойлық радиостанцияларға таратқышы электр-магнитті толқын шығару жолағының ені мен қуатының нормасын қамтамасыз етудің және байланысқа шыққан сәттен бастап 15 минут ішінде жиілік тұрақтылығын сақтауды қамтамасыз етудің келесі талаптары қойылады:

300 Герцтен артық емес (30 МГц төмен диапазондарда);

1 кГцтен артық емес (30 МГц жоғары 1300 МГц төмен диапазондарда);

46. Әуесқойлық радиостанциялардың таратқыштары шығаратын жанама электр-магнитті толқынның орташа қуаты төмендегідей болуы керек:

негізгі электр-магнитті толқын шығарушы қуаттан 40dB төмен, бірақ 50 мВт-тан артық болмауы керек (30 МГц төмен диапазондарда);

144-146 МГц, 430-440 МГц, 1260-1300 МГц диапазондарында 25 мкВт артық болмауы керек.

1300 МГцтен жоғары диапазондарда жанама электр-магнитті толқынның қуаты, бұл Ережемен реттелмейді.

47. Ғимарат шатырына әуесқойлық радиостанция антенналарын орнату үшін, ғимаратқа иелік ететін органдармен келісілуі керек.

48. Әуесқойлық радиостанциядан шығатын кедергілер болған жағдайда, радиостанция иесі кедергілерді жоюға шара қолданады. Әуесқойлық радиостанция туғызатын кедергілер болғандығы құралдар арқылы тексеріліп, Аумақтық органның құжатымен дәлелденуі тиіс.

## **8. Әуесқойлық радиобайланыс жүргізу тәртібі**



49. Осы Ереженің 1-қосымшасында көрсетілген Әуесқойлық радиостанциялар өз санатына сәйкес белгіленген жиілік диапазоны, қуат деңгейі, толқын шығару түрлері шегінде тарату жұмыстарын жүргізулері тиіс.

50. Радиоәуесқойлық қызметке қосалқы негізде берілген жиілікте жұмыс істейтін әуесқойлық радиостанциялар, бұл жиіліктерді бірінші негізде қолданатын радиостанцияларға кедергі туындатпауы керек және олардың талабы бойынша жұмыс істеу жиілігін ауыстыруы немесе жұмысын тоқтатуы керек.

51. Әуесқойлық радиостанциялар өздеріне бөлінген диапазондар шегінде тек әуесқойлық радиостанциялармен ғана байланыса алады. Басқа қызметтегі радиостанциялармен радио байланыс жасау олардың апат сигналдарын (SOS; MAYDAY) таратқан кезінде ғана рұқсат етіледі. Мұндай радиобайланыстың әр қайсысы туралы радиостанцияның иесі (басшы) Аумақтық органға хабарлауы тиіс.

52. Әуесқойлық радиостанциялардың иелері (операторлары) өз радиостанциясының шақыру сигналын радиобайланыстың әр сеансының басында және соңында қайталап тұруы қажет, ал ұзақ сеанстарда өз шақыру сигналын 5 минут сайын қайталауы қажет.

53. Әуесқойлық радиостанцияның шақыру сигналы жеке-жеке және анық айтылуы керек.

54. Осы Ереженің 11-қосымшасында көрсетілген Телефондық радиобайланыс жүргізу барысында шақыру сигналын фонетикалық әліппе сөздерінің көмегімен беру қажет. Осы Ереженің 12-қосымшасында көрсетілген Телеграфтық радиобайланыс жүргізу барысында әуесқойлық радиостанцияларға тек Морзе әліппесін (кодын) қолдану рұқсат етіледі.

55. Әуесқойлық радиостанциялармен радиобайланыс жүргізу радиоәуесқойлық, компьютерлік мәтін және олардың бағдарламалары, радиоспорт, радиотолқындардың таралуы, әуесқойлық радиостанциялардың техникалық мүмкіндіктері, антенна, ауа райы мәселелерін талқылау ақпараттарын таратумен шектеледі.

56. Осы Ереженің 14-қосымшасында көрсетілген радиобайланыс жоғарыда көрсетілген тақырыптама шегіндегі Q-кодын және осы Ереженің 15-қосымшасында көрсетілген радиоәуесқой кодын қолдану арқылы, қабылданған сигналдарға баға беріліп, осы Ереженің 13-қосымшасында көрсетілген ашық мәтінмен жүргізіледі.

57. Әуесқойлық радиостанция операторларына келесі әрекеттер жасауға тиым салынады:

1) Радиоәуесқойлар санатымен қарастырылмаған жиілік диапазондарында, сәуле түрлеріне, қуаттылығында жұмыс істеу.

2) Тағайындалмаған шақырту сигналымен жұмыс істеу, арнайы шақырту сигналдарын пайдалану тәртібін бұзу.

3) Әуесқойлық радиостанцияларды пайдалануға рұқсаттамасы жоқ, ұжымдық радиостанцияның операторы болып табылмайтын, тұлғаларды ұжымдық немесе жеке радиостанциялардан Қазақстан Республикасы аумағында хабар таратуға жіберу.

4) Дөрекі, намысқа тиетін, боғауыз сөздерді қолдану.

5) Әуесқойлық радиостанциялардың сигналдарынан басқа телевизиялық, радио және басқа бағдарламаларды ретрансляциялау.

6) Шақыру сигналысыз жұмыс істейтін радиостанциялармен және әуесқойлық емес радиостанциялармен (құтқару дабылынан басқа) радиобайланыс жүргізу.

7) Спутниктен сигнал қабылдауға арналған әуесқойлық диапазондар учаскелерінде тарату жұмыстарын жасау.

8) Ұшақтарда, кемелерде және басқа осы жылжымалы объектіге жауапты тұлғалардың рұқсатынсыз әуесқой радиостанцияларды орналастыру.

9) Қосалқы негіздегі радиоәуесқой диапазондарындағы қызметтік радиостанцияларға және төтенше жағдайлар байланыс қызметіне жататын әуесқойлық радиостанцияларға қасақана кедергі жасау.

10) Әуесқойлық радиобайланыстардан табыс табу.

11) Рұқсаттама мерзімін созу ережелерін бұзу.

## **9. Әуесқойлық радиостанциялардың шақыру сигналдары**

58. Әуесқойлық радиостанцияларға, шақыру сигналдары Халықаралық Электробайланыс Одағының регламенті талаптарына сәйкес беріледі.

59. Қазақстан Республикасының радиоәуесқойында тек бір ғана тұрақты шақыру сигналы болады.

60. Қазақстан Республикасы радиоәуесқойларының шақыру сигналдарының префикстері:

UN - Қазақстан Республикасы әуесқойлық радиостанцияларының барлығына беріледі;

UO - радиоәуесқойлар радиостанцияларына UN сериялы префикс таусылған соң беріледі;

UP - арнайы әуесқойлық радиостанцияларға беріледі;

UQ - резерв (Қазақстан Республикасы байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік органының арнайы шешімінсіз берілмейді).

Әуесқойлық радиостанцияның санатына қарай шақыру сигналдарының келесі үлгілері қолданылады:

"Экстра" санаты:

- 1) префикс – екі әріп, осы Ереженің 65-тармағына сәйкес;
- 2) 0 – ден 9 - ға дейінгі бір сан;
- 3) суффикс – бір әріп, осы Ереженің 16-қосымшасына сәйкес;

Мысалы: UN0A.

Бірінші санат:

- 1) префикс – екі әріп, осы Ереженің 65 тармақшасына сәйкес;
- 2) 0 - ден 9 - ға дейінгі бір сан;
- 3) суффикс – екі әріп,  
бірінші - осы Ереженің 16-қосымшасына сәйкес;  
екінші - "A"-дан "Z"-ке дейін;

Мысалы: UN 7AA.

Екінші, үшінші санат:

- 1) префикс – екі әріп, осы Ереженің 65-тармағына сәйкес;
- 2) 0 – ден 9 – ға дейінгі бір сан;
- 3) суффикс – үш әріп:  
бірінші - осы Ереженің 16-қосымшасына сәйкес;  
екінші - "A"-дан "Z"-ке дейін;  
үшінші - "A"-дан "Z"-ке дейін

Мысалы: UN 7AAA.

Ұжымдық радиостанциялар:

- 1) префикс – екі әріп, осы Ереженің 65-тармағына сәйкес;
- 2) 0 – ден 9 – ға дейінгі бір сан;
- 3) суффикс – үш әріп:  
бірінші - осы Ереженің 16-қосымшасына сәйкес;  
екінші - "W", "Y", "Z";  
үшінші - "A"-дан "Z"-ке дейін;

"Бақылаушы" санаты:

- 1) префикс – екі әріп, осы Ереженің 65-тармағына сәйкес;
- 2) үш сан – тіркеудің реттік саны;
- 3) суффикс - әріп, осы Ереженің 16-қосымшасына сәйкес;

Мысалы: UN-001-A.

61. Шақыру сигналын таңдау мүмкіндігі әуесқойлық радиостанцияларына тек бір блок шегінде беріледі. Келесі блоктан шақыру сигналдарын беру, алдыңғы блоктан кемінде 20 әріп қолданғаннан кейін ғана беріледі.

62. Шақыру сигналы латын әліппесі тәртібімен беріледі. Жағымсыз әріптерден құрылған шақыру сигналдары, сонымен қатар SOS, QRA-QTZ шақыру сигналдары берілмейді.

63. Шет мемлекеттің азаматтарына келесі құралымнан тұратын бөлшек шақыру сигналдары беріледі.

- 1) префикс – екі әріп, осы Ереженің 65-тармағына сәйкес;
- 2) бөлшек белгісі;
- 3) шет ел азаматының жеке шақыру сигналы.

Мысалы: UN/DL 2AB.

64. Радиостанция жабылған жағдайда, қолданылған шақыру сигналы басқа тұлғаға қолдануға 5 жылдан кейін ғана беріледі.

65. Арнайы шақыру сигналдарына құрылым жүйесі өзгеше, салтанатты шаралар мен жарыстар өткізілетін т.с.с. шектеулі мерзімге, берілетін шақыру сигналдары жатады. Арнайы шақыру сигналдарын күнделікті қолдануға тиым салынады.

66. Арнайы шақыру сигналдарын рәсімдеу радиоәуесқойлардың Республикалық ұйымының ұсынуы бойынша, Аумақтық органда жасалады.

67. Әуесқойлық радиостанцияларға арнайы шақыру сигналдарын алу үшін, әуесқойлық радиостанция жұмысын бастаудан бір ай бұрын байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөліміне келесі құжаттар ұсынылады:

- 1) арнайы шақыру сигналын беру туралы өтініш;
- 2) әуесқойлық радиостанцияны пайдалануға берілген рұқсаттаманың көшірмесі;
- 3) республикалық радиоәуесқойлар ұйымының қолдаухаты.

68. Қазақстан Республикасы радиоәуесқойларының қатысуымен өтетін халықаралық экспедициялардан басқа жағдайда, шет ел азаматтарына арнайы шақыру сигналдары берілмейді.

## **10. Әуесқойлық радиостанциялардың құжаттары**

69. Әр әуесқойлық радиостанцияда келесі құжаттар болуы тиіс:

- 1) әуесқойлық радиостанцияларды пайдалануға берілген рұқсаттама;
- 2) осы Ереже;
- 3) аппараттық журнал (қағаз немесе электрондық түрі);

70. Осы Ереженің 17-қосымшасына сәйкес Ұжымдық радиостанцияларда 69-тармақта көрсетілген құжаттардан басқа өрт және техника қауіпсіздігі жөнінде өткізілген нұсқауламалар белгіленген операторлар тізімі болуы тиіс.

71. Аппараттық журналда радиобайланыс туралы келесі ақпараттар тіркеледі:

- 1) радиобайланыс өткізілген мезгіл;
- 2) радиобайланыс басталған (немесе аяқталған) уақыт;
- 3) жұмыс істеу диапазоны немесе жиілік;

- 4) корреспонденттің шақыру сигналы;
- 5) сигналдың таратылуына және қабылдануына берілген баға;

72. Радиостанция және аппараттық журнал Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган өкілінің тексеруіне қол жетерліктей болуы керек.

73. Аппараттық журнал кемінде 3 жыл сақталуы тиіс (соңғы жазба енгізілгеннен бастап).

74. Жылжымалы радиостанциямен жұмыс істеу барысында аппараттық журналды жүргізу және осы Ереженің болуы қажет емес.

## **11. Радиоәуесқойлық ретрансляторлар мен репиторлардың жұмыс істеуі және оларды рәсімдеу**

75. Радиоәуесқойлық ретранслятор мен репиторлар – автоматты тәртіппен жұмыс істейтін қабылдап-таратушы радиостанция, және ол қабылдап таратуды бір диапазон шегінде (репитор), немесе бір диапазоннан екінші диапазонға (ретранслятор) жүргізу үшін қолданылады.

76. Радиоәуесқойлық репиторлар мен ретрансляторларды кез келген жеке радиоәуесқой немесе радиоәуесқойлар ұжымы орната алады.

77. Радиоәуесқойлық ретрансляторлардың жұмыс істеу каналын рәсімдеуді, оны орнатуға рұқсат және оған шақыру сигналдарын беруді Аумақтық орган жүргізеді.

78. Радиоәуесқойлық репиторлар мен ретрансляторларды Интернет торы немесе басқа торлар арқылы радиоәуесқойлық торлармен қосуға болады.

79. Осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес Радиоәуесқойлық ретрансляторлардың қабылдап-тарату жиіліктері келтірілген.

80. Ретрансляторлардың қуаттылығы 100 Вт дейін, қолданылатын модуляция түрі – жиіліктік (F3E) немесе сандық (DIGIMODE).

81. Ретрансляторларға келесі үлгідегі шақыру сигналдары беріледі:

- 1) префикс – екі әріп, осы Ереженің 65-тармағына сәйкес;
  - 2) 0 – ден 9 – ға дейінгі сан;
  - 3) суффикс – үш әріп;
- бірінші - "U";  
екінші - осы Ереженің 16-қосымшасына сәйкес;  
үшінші - "A"-дан "Z"-ке дейін.

## **12. Әуесқойлық радиостанциялардың радиоспорттық тікелей қатысу жарыс түрлерінде қолданылуы**

82. Спорттық радиопеленгация түрлері бойынша жарыс жүргізу үшін 5 Вт, әрқайсысы 3500-3650 кГц, 144-146 мГц және 430-440 мГц диапазондарында телеграфпен немесе телефонмен жұмыс істейтін алты таратқышқа дейін қолдану рұқсат етіледі.

83. Осы Ереженің 16-қосымшасына сәйкес Спорттық радиопеленгация үшін қолданылатын таратқыштарға осы шақыру сигналдары беріледі.

84. Радиоспорттық тікелей қатысу жарыс түрлеріне қатысатын әуесқойлық радиостанцияларға шақыру сигналдары келесі үлгіде беріледі:

1) префикс – екі әріп, осы Ереженің 65-тармағына сәйкес;

2) 0 - ден 9 - ға дейінгі сан;

3) суффикс – екі әріп:

бірінші - "W";

екінші - "A"-дан "Z"-ке дейін.

85. Көпжақты радиокүрес жарыстарында 1830-1930 кГц және 3500-3650 кГц диапазондарында телеграфпен немесе телефонмен жұмыс істейтін, қуаты 5 Вт радиостанцияларды қолдануға рұқсат етіледі.

### 13. Әуесқойлық радиостанцияларды төтенше жағдайларда қолдану

86. Әуесқойлық радиостанциялар, олардың иелерінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының қолданымдағы заңнамаларына, радиобайланыс реттемесіне, халықаралық келісімдер мен шарттарға сәйкес мемлекет ішінде, сонымен қатар шет мемлекеттермен, үшінші тұлғалар арқылы төтенше жағдайлар туралы ақпараттар таратуға қолданылуы мүмкін.

Радиоәуесқойлық қызметтің  
радиоэлектрондық қондырғыларын  
тіркеу және пайдалану  
Ережесіне 1-қосымша

### Әуесқойлық радиостанцияларға рұқсат етілетін жиілік спектрі, электрмагнитті толқын шығару түрлері және қуаттары

Санаты	Қуаты, Вт	Жиілік жолағы, кГц	Радиобайланыс түрі
	100	1810-1838 1838-1842 1842-2000	C W DIGIMODE CW, SSB, AM
	100	3500-3800 3580-3600 3730-3740 3600-3800	C W CW, DIGIMODE S S T V CW, SSB
			C W CW, DIGIMODE,

3 санаттағы жеке және ұжымдық қолданыстағы радиостанциялар	100	7000-7100 7035-7045 7040-7100	S S T V CW, SSB
	100	21000-21450 21080-21120	C W CW, DIGIMODE
	100	28000-29700 28050-29125 28200-28300 28200-29700 29200-29700	C W CW, DIGIMODE CW, DIGIMODE C W, SSB CW, SSB, AM, FM
	50	УҚТ - белдеуі	
2 санаттағы жеке және ұжымдық қолданыстағы радиостанциялар	200	1810-1838 1838-1842 1842-2000	C W CW, DIGIMODE CW, SSB AM
	200	3500-3800 3580-3600 3730-3740 3600-3800	C W CW, DIGIMODE S S T V CW, SSB
	200	7000-7100 7035-7045 7040-7100	C W CW, DIGIMODE, S S T V CW, SSB
	200	14000-14350 14070-14099 14101-14112 14100-14200 14225-14235	C W CW, DIGIMODE CW, DIGIMODE C W, SSB SSTV
	200	18068-18168 18100-18168	C W CW, DIGIMODE
	200	21000-21450 21080-21120 21150-21450	C W CW, DIGIMODE CW, SSB
	200	24890-24990 24920-24990	C W CW, DIGIMODE
	200	28000-29700 28050-28125 28200-28300 28200-29700 29200-29700	C W CW, DIGIMODE CW, DIGIMODE C W, SSB CW, SSB, AM, FM
	50	УҚТ - белдеуі	
	500	1810-1838 1838-1842 1842-2000	C W CW, DIGIMODE CW, SSB AM
500	3500-3800 3580-3600 3730-3740 3600-3800	C W CW, DIGIMODE S S T V CW, SSB	

I санаттағы жеке және ұжымдық қолданыстағы радиостанциялар

500	7000-7100 7035-7045 7040-7100	C W CW, DIGIMODE CW, SSB
500	10100-10150 10110-10150	C W CW, DIGIMODE
500	14000-14350 14070-14099 14101-14112 14225-14235 14100-14350	C W CW, DIGIMODE CW, DIGIMODE S S T V CW, SSB
500	18068-18168 18100-18109 18110-18168	C W CW, DIGIMODE CW, SSB
500	21000-21450 21080-21120 21150-21450	C W CW, DIGIMODE CW, SSB
500	24890-24900 24920-24930 24930-24990	C W CW, DIGIMODE CW, SSB
500	28000-29700 28050-28125 28200-28300 28200-29700 29200-29700	C W CW, DIGIMODE CW, DIGIMODE C W, SSB CW, SSB, AM, FM
100	УҚТ - белдеуі	
1000	1810-1838 1838-1842 1842-2000	C W CW, DIGIMODE CW, SSB AM
1000	3500-3800 3580-3600 3730-3740 3600-3800	C W CW, DIGIMODE S S T V CW, SSB
1000	7000-7100 7035-7045 7040-7100	C W CW, DIGIMODE CW, SSB
1000	10100-10150 10110-10150	C W CW, DIGIMODE
1000	14000-14350 14070-14099 14101-14112 14225-14235 14100-14350	C W CW, DIGIMODE CW, DIGIMODE S S T V CW, SSB
1000	18068-18168 18100-18109 18110-18168	C W CW, DIGIMODE CW, SSB
1000	21000-21450 21080-21120 21150-21450	C W CW, DIGIMODE CW, SSB

"Экстра-класс" санаттағы жеке және ұжымдық қолданыстағы радиостанциялар



	1000	24890-24990 24920-24930 24930-24990	C W CW, DIGIMODE CW, SSB
	1000	28000-29700 28050-28125 28200-28300 28200-29700 29200-29700	C W CW, DIGIMODE CW, DIGIMODE C W, SSB CW, SSB, AM, FM
	100	УҚТ - белдеуі	

#### Ескертулер:

1. Егер кейбір жиілік спектрінде бірнеше электр-магнит толқын түрлері рұқсат етілсе, онда бірінші көрсетілген түрі басым болады.

2. 10 МГц төмен жиілік спектрінде SSB мен жұмыс істегенде төменгі жанама жолақ (LSB) қолданылады, 10 МГц жоғары жиілік спектрінде жоғарғы жанама жолақ (USB) қолданылады.

3. Радиоәуесқойларға ЖЖС-нен ақпарат қабалдау учаскелерінде:

29300-29510 кГц, және халықаралық "DX" участкілерінде жергілікті радиостанциялармен радиобайланыс жасамау ұсынылады:

1830-1835 кГц, 1840-1845 кГц, 1907-1913 кГц, 3500-3510 кГц, 3790-3800 кГц, 7000-7010 кГц, 7040-7045 кГц, 10100-10105 кГц, 14000-14025 кГц, 14190-14200 кГц, 18068-18073 кГц, 18140-18150 кГц, 21000-21025 кГц, 21290-21300 кГц, 24890-24895 кГц, 24940-24950 кГц, 28000-28025 кГц, 28490-28500 кГц.

4. Экстра санаты мен бірінші санатты рұқсаты бар радиоәуесқойларға, УҚТ диапазонында 1000 ваттық қуатпен, (Айдан кері шағылысқан ЕМЕ, тропосфералық радиобайланыс және т.б.) радиобайланыс жасау үшін арнайы рұқсаттама алулары қажет.

#### УҚТ – диапазоны

Санаты	Жиілік спектрі МГц	Радиобайланыс түрі
" Э к с т р а " 1-3 санаттағы жеке және ұжымдық қолданыстағы радиостанциялар	144.000-144.150	
	144.150-144.500	C W
	144.500-445.800	CW, SSB
	145.800-146.000	F M
	144.625-144.675	CW, SSB
	430.000-432.150	DIGIMODE
	432.150-432.500	C W
	432.500-435.000	CW, SSB
	435.000-438.000	F M
	438.000-440.000	CW, SSB
	433.625-433.725	F M
	438.025-438.175	DIGIMODE
	1260.000-1270.000	DIGIMODE
	1270.000-1296.000	CW, SSB
1296.000-1296.150	FM, ATV	

	1296.150-1297.000	C W
	1297.000-1300.000	CW, SSB
	5.65-5.67 ГГц	F M
	10.0-10.5 ГГц	C W
	47.0-47.2 ГГц	S S B
	75.5-76.0 ГГц	F M
	119.98-120.02 ГГц	A M
	142.0-149.0 ГГц	ATV
	241.0-250.0 ГГц	

Радиоәуесқойлық қызметтің  
радиоэлектрондық қондырғыларын  
тіркеу және пайдалану  
Ережесіне 2-қосымша

## Техникалық санаттағы радиостанциялардың радиотолқын шығару түрлері , қуаттары және жиілік жолақтары

Жиілік жолағы Мгц	Радио байланыс түрі	Жолақтың ені және классы	Қуаттылығы Вт.	Қолданылуы
3.500-3.650 144.1-145.8 430-440	Т Л Г Т Л Г ТЛГ	100 A1A 100 A1A 100 A1A	5	Спорттық радиопеленгация сайыстардағы автоматты таратқыштар
1.830-1.930 1.900-1.930 3.510-3.650 3.630-3.650	Т Л Г Б Ж Ж А М Т Л Г Б Ж Ж АМ	100Н A1A 3K00 R3E J3E 6K00 A3E 100Н A1A 3K00 R3E J3E 6K00 A3E	5	Радиоспорттан үш сайыс және көпсайыс жарыстары
28.8-29.7 144.5-145.8 430.0-440.0 1296.5-1300	ЧМ	24K0 F3E G3E	5	Репитерлер және ретронсляторлар
28.2-28.4 144.3-144.5 144.8-145.0 430.0-440.0	ТЛГ	100Н A1A	1	Радишалқарлар
26.957-27.283 28.1-28.2		20K0 D+ 25K0 D+	0 . 5 1	

40.66-40.7	20K0 D+	1	Моделдерді радиобасқару. Әуесқойлық телемеханика құралдары. D+ телеметрия, телебасқару
74.0-74.5	20K0 D+	1	
144.3-145.7	25K0 D+	1	

Радиоәуесқойлық қызметтің радиоэлектрондық қондырғыларын тіркеу және пайдалану Ережесіне 3-қосымша

## Емтихан сұрақтарының тақырыптық тізілімі

1. Электротехника негіздері.
2. Радиотехника негіздері.
3. Антенналық-фидерлік құрылғылардың негізі.
4. Радиостанциялар жасау және пайдалануға берілетін рұқсат қағазын рәсімдеу тәртібі.
5. Радиостанцияларды пайдалану тәртібі.
6. Әуесқойлық радиостанциялар байланысының тәртібі.
7. Әуесқойлық радиостанцияларға қойылатын техникалық талаптар.
8. Әуесқойлық радиостанция ережелері.
9. Әуесқойлық радиостанциялардың шақыру сигналдары.
10. Радиоәуесқойлар коды.
11. Техникалық қауіпсіздік ережелері (электр қауіпсіздігі, антенналық-фидерлік қондырғыларды құру және пайдалану, өрт қауіпсіздігі).

Радиоәуесқойлық қызметтің радиоэлектрондық қондырғыларын тіркеу және пайдалану Ережесіне 4-қосымша

## Қорытынды

\_\_\_\_\_ облысы бойынша біліктілік-техникалық комиссиясының

"\_\_" \_\_\_\_\_ 200\_\_ г. N \_\_\_\_\_

Азамат \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ санат бағдарламасы бойынша емтихан (әңгімелесу) тапсырды

Емтихан қабылдау уақыты \_\_\_\_\_ мин

Азамат \_\_\_\_\_

өзінің білімі және тәжірибесі бойынша \_\_\_\_\_ санаттағы жеке/ұжымдық әуесқойлық радиостанцияны пайдалана алады.

Комиссия мүшелері

Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

Радиоәуесқойлық қызметтің  
радиоэлектрондық қондырғыларын  
тіркеу және пайдалану  
Ережесіне 5-қосымша

(Байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімі)

## ӨТІНІШ-САУАЛНАМА

Тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

Туған жылы, айы, күні \_\_\_\_\_

Мекен-жайы \_\_\_\_\_

Төлқұжат (жеке куәлік) нөмірі \_\_\_\_\_

Бұрын рұқсаты болған \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ санаттағы \_\_\_\_\_

әуесқойлық радиостанцияны пайдалануға рұқсат етуіңізді сұраймын.

Қазақстан Республикасының әуесқойлық қабылдау-тарату радиостанцияларын тіркеу және пайдалану тәртібі туралы Нұсқаулықпен таныстым және оның талаптарын орындауға міндеттенемін

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 200\_ ж. Қолы \_\_\_\_\_

Радиоәуесқойлық қызметтің  
радиоэлектрондық қондырғыларын  
тіркеу және пайдалану  
Ережесіне 6-қосымша

## ӨТІНІШ

Мен, \_\_\_\_\_

Төлқұжат (жеке куәлік) нөмірі \_\_\_\_\_

менің \_\_\_\_\_


(туыстық деңгейі, тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_

әуесқойлық радиостанцияны қолдануға құқық берілуіне келісемін, радиостанцияда және антенна-мачталық қондырғыда ТӘЕ және ТҚЕ сақталуын қамтамасыз етемін және Қазақстан Республикасының әуесқойлық қабылдау-тарату радиостанцияларын тіркеу және пайдалану тәртібі туралы Нұсқаулықпен, әуесқойлық радиостанциялар иелеріне жүктелген барлық міндеттерді орындауды мойныма аламын.

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 200\_ ж. Қолы \_\_\_\_\_

Радиоәуесқойлық қызметтің  
радиоэлектрондық қондырғыларын  
тіркеу және пайдалану  
Ережесіне 7-қосымша



Радиоәуесқойлық қызметтің  
радиоэлектрондық  
қондырғыларын тіркеу  
және пайдалану  
Ережесіне 8-қосымша  
Қазақстан Республикасының  
байланыс саласындағы уәкілетті  
мемлекеттік органның аумақтық  
бөлім бастығына

**Шет ел азаматының Қазақстан Республикасының аумағында әуесқойлық радиостанциясы пайдалануға берілетін уақытша рұқсатты рәсімдеуге өтініш-сауалнама Application for a Temporary Amateur of Kazakhstan Republic Radio License**

1. Аты, әкесінің аты

Name \_\_\_\_\_

2. Тері

Give Names \_\_\_\_\_

Туған жері және күні

Date and place of Birth \_\_\_\_\_

4. Азаматтығы

Citizenship \_\_\_\_\_

5. Тұрғылықты мекен-жайы

Permanent home address \_\_\_\_\_

6. Төлқұжатының нөмірі

Passport number \_\_\_\_\_

7. Шақыру сигналы

Callsign \_\_\_\_\_

8. Санаты

Class license \_\_\_\_\_

9. Рұқсат берілетін мерзім

Required period for temporary license \_\_\_\_\_

10. Радиостанцияның тұрған орны (мекен-жайы)

Location of amateur station installation (complete address required)

11. Әкелінетін қондырғылар

Equipment to be brought \_\_\_\_\_

Мен берген мәліметтердің дұрыстығына кепілдік беремін.

I declare that the information I have give is correct.

12. Өтініш иесінің қолы \_\_\_\_\_

Application signature

Мерзімі \_\_\_\_\_

Date

Радиоәуесқойлық қызметтің  
радиоэлектрондық  
қондырғыларын тіркеу  
және пайдалану  
Ережесіне 9-қосымша

**Анықтама**

№ \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж.

Азамат \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ байланысты

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж. берілген № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ санаттағы

шақыру сигналы \_\_\_\_\_ әуесқойлық радиостанцияны

пайдалану рұқсаттамасын \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ аумақтық органға

\_\_\_\_\_ тапсырды.

Басшы \_\_\_\_\_

қолы

М.О.

Радиоәуесқойлық қызметтің  
радиоэлектрондық  
қондырғыларын тіркеу  
және пайдалану  
Ережесіне 10-қосымша

**Әуесқойлық радиостанцияны техникалық байқаудан өткізу АКТІСІ**

№ \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Біз, біліктілік комиссия өкілдері \_\_\_\_\_

санаттағы жеке/ұжымдық

қолданыстағы әуесқойлық радиостанцияға техникалық байқау жүргіздік.

иесінің (басшысының) Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Станцияның мекен-жайы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Шақыру сигналы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Анықталғандар мыналар (радиостанцияның, антенналардың қысқаша сипаттамасы)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

---

---

---

---

---

## Қорытынды

---

---

---

---

---

Актіге қол қойғандар:

Т.А.Ә.

ҚОЛЫ

Радиоәуесқойлық қызметтің  
радиоэлектрондық  
қондырғыларын тіркеу  
және пайдалану  
Ережесіне 11-қосымша

## Фонетикалық әліпше.

A	Анна, Антон	Alpha
B	Борис	Bravo
C	центр, цапля	Charlie
D	Дмитрий	Delta
E		Echo
F	Федор	Foxtrot
G	Галина	Golf
H	Харитон	Hotel
I	Иван	India
J	Иван краткий, йот	Juliett
K	киловатт, Константин	Kilo
L	Леонид	Lima
M	Михаил, Мария	Mike
N	Николай	November
O	Ольга	Oscar
P	Павел	Papa
Q	Щука	Quebec
R	Роман, радио	Romeo
S	Сергей	Sierra



T	Тамара, Татьяна	Tango
U	Ульяна	Uniform
V	жук, Женя	Viktor
W	Василий	Whisky
X	знак, икс	X-ray
Y	Игрек	Yankee
Z	Зинаида	Zulu

Радиоәуескойлық қызметтің  
радиоэлектрондық  
қондырғыларын тіркеу  
және пайдалану  
Ережесіне 12-қосымша

## Морзе әліпшесі (коды)

Әріптер		Телеграфтық код	Сандар, емілелер, қызметтік белгілер	Телеграфтық код
Латын	Орыс			
A	А	-	1	----
B	Б	-	2	---
C	Ц	--	3	--
D	Д	-	4	-
E	Е		5	
F	Ф	-	6	-
G	Г	--	7	--
H	Х		8	---
I	И		9	----
J	Й	---	0	----
K	К	--	.	
L	Л	-	,	---
M	М	--	/	--
N	Н	-	?	--
O	О	---	!	---
P	П	--	Бөлім	--
Q	Щ	--		
R	Р	-		
S	С			
T	Т	-		
U	У	-		
V	Ж	-		
W	В	--		
X	Ь	--		
Y	Ы	---		
Z	З	--		

## Әуесқойлық радиостанциялардың сигналдарына берілетін баға

Балдар	Мағнасы
	<b>"R" шкаласы (талдануы)</b>
1	Түсініксіз, қабылдау мүмкін емес
2	Жеке белгілер әзер түсінетіндей, қабылдау мүмкін емес
3	Түсініксіз (30 – 50 %)
4	Түсінетіндей (50 – 80 %)
5	Түсінікті (100 %)
	<b>"S" шкаласы (сигналдың күші)</b>
1	Әсер етіледі, қабылдау мүмкін емес
2	Сигналдар әзілсіз, қабылдау мүмкін емес
3	Өте әлсіз сигналдар, қабылдау қиын
4	Әлсіз сигналдар, қабылдау күні
5	Сигналдар қанағаттанарлықтай, қабылданады
6	Сигналдар анық, жақсы қабылданады
7	Анық, күшті сигналдар
8	Анық сигналдар
9	Өте таза сигналдар
	<b>"Т" шкаласы (тон)</b>
1	Жуан, шуылды тон
2	Шуылы көп тон, әуенсіз
3	Қарлығыңқы, аздап әуенді тон
4	Орташа әуенді тон
5	Сыңғырлаған әуенді-модуляцияланған тон
6	Әуенді тон, пульсация байқалады
7	Әуенді тон, пульсация баяу
8	Таза әуенді тон, пульсациясы мүлдем баяу
9	Таза әуенді тон
	<b>"М" шкаласы (модуляция сапасы)</b>
1	Шуыл көп, қабылдау мүмкін емес
2	Шуыл өте көп, қиын қабылданады
3	Ептеген шуыл бар
4	Мүлде аз шуыл
5	Шуыл жоқ

## Q – кодының мәні.

QRA	Сіздің станцияңыз қалай аталады?	Менің станциям ... аталады
QRB	Сіз менің станциямнан жобамен қанша қашықтықтасыз?	Біздің станцияларымыздың қашықтығы жобамен .. . километрге тең
QRG	Менің нақты жиілігімді айтыңызшы	Сіздің нақты жиілігіңіз ...
QRH	Менің жиілігім өзгеріп тұр ма?	Сіздің жиілігіңіз өзгеріп тұрады
QRI	Менің хабарымның тоны қандай?	Сіздің хабарыңыздың тоны ...
QRK	Менің сигналдарым қаншалықты анық?	Сіздің сигналыңыз ...
QRL	Сіздің уақытыңыз бар ма?	Менің уақытым жоқ, кедергі жасамаңыз
QRM	Сізге басқа станциялардың кедергісі бар ма?	Басқа станциялардың кедергісі бар
QRN	Сізге атмосфералық шуылдар кедергі жасай ма?	Маған атмосфералық шуылдар кедергі жасайды
QRO	Мен таратқыштың қуатын көбейтейін бе?	Таратқыштың қуатын көбейтемін
QRP	Мен таратқыштың қуатын азайтайын ба?	Таратқыштың қуатын азайтамын
QRQ	Менің жылдам хабарлауыма бола ма?	Тезірек хабарлаймын
QRS	Менің баяу хабарлауыма бола ма?	Баяу хабарлаймын
QRT	Мен хабарлауды аяқтайын ба?	Хабарлауды аяқтаймын
QRU	Мен үшін хабар бар ма?	Сізге ешқандай хабар жоқ
QRV	Сіз дайынсыз ба?	Мен дайынмын
QRW	Мен ... Сіздің ... кГц (МГц) шақыратыныңызды хабарлайын ба	Өтінемін, менің ... оны ... кГц (МГц) шақыратынымды хабарлаңыз
QRX	Менімен қашан хабарласасыз?	Күте тұрыңыз мен қайтадан байланысқа шығамын
QRZ	Мені кім шақырады?	Сізді ... шақырады
QSA	Менің сигналым қаншалықты күшті	Сіздің сигналыңыздың күші
QSB	Менің сигналым естіледі ме?	Сіздің сигналыңыз естілмейді
QSD	Менің манипуляциямда ақау бар ма?	Сіздің манипуляцияда ... ақау бар
QSK	Сіз мені өз сигналыңыздың кідірісінде естисіз бе?	Мен Сізді өз сигналымның кідірісінде естимін
QSL	Қабылдағаныңызды растай аласыз ба?	Қабылдағанымды растаймын
QSO	Сіз ... міндетті түрде хабарласа аласыз ба?	Мен ... міндетті түрде хабарласа аламын
QSP	Сіз ... хабарлай аласыз ба?	Мен ... хабарлай аламын
QSY	Мен басқа жиілікке ауысайын ба?	Басқа жиілікке ауысамын
QSX	Сіз ... кГц (МГц) жиілікте шақыру сигналын естіп отырсыз	Мен ... кГц (МГц) жиілікте шақыру сигналын естіп отырмын
QTC	Сізде хабарлама бар ма?	Сізге хабарлама бар
QTH	Сіз қай жердесіз?	Мен ... жердемін
QTR	Қазір қай уақыт?	Уақыт ... сағат

## Радиоәуесқойлар коды.

Код	ағылшын тіліндегі мәні	қазақ тіліндегі мәні
ABT	About	жобамен
ADR	Address	мекен-жайы
AFTER	After	кейін
AGN	Again	тағы
ALL	All	бәрі
ALSO	Also	сонымен қатар
AM	Amplitude modulation	амплитудалық модуляция
ANT	Antena	антенна
AT	At	----- (етістік)
BAD, BD	Bad	жаман
BAND	Band	диапазон
BCNU	—	қайта кездесуге қуаныштымын
BEAM	Beam	бағытталған (антенна)
BEST	Best	өте жақсы
BOX	Box	жәшік (пошта)
BUT	But	бірақ
CALL	Call	шақыру сигналы
CFM	Confirm	растау, растаймын
CHEERIO	Cheerio	сәттілік тілеймін
CLG	Calling	шақырады, шақырамын
CONDX	Conditions	шарт, естілуі
CONGRATS	Congratulations	құттықтау
COPI	Copy	жазу (қабылдау)
CQ	—	барлығына (жалпы шақыру)
CU	See you	кездесеміз (эфирде)
CUAGN	See you again	тағы кездесерміз
CUL	See you later	кештеу кездесеміз
CW	Continuous wave	сөнбейтін тербеліс
DE	—	сол жақтан
DIRECT	Direct	тікелей
DR	Dear	құрметті
DWN	Down	төмен, төменірек
W	—	алыс, байланыс, қашық
UX	Ex	алғашқы (шақыру сигналы туралы)
FB	Fine business	ғажап, керемет
FRR. FOR. FR	For	үшін

FM	Freguency modulation	жиілік модуляциясы
FREQ	Freduency	жиілік
FROM	From	ол жақтан
GA	Go ahead	Қане, бастаңыз
GA	Good afternoon	Қайырлы күн
GB	Good bye	Сау болыңыз, көріскенше
GD	Good day	Қайырлы күн
GE	Good evening	Қайырлы кеш
GLD	Glad	қуаныштымын
GM	Good mooning	Қайырлы таң
GN	Good night	Қайырлы түн
GND	Ground	жермен түйістіру
GOT	Got	алдым
GUD	Good	Жақсы
GUHOR	---	Түк естілмейді
HAM	---	Қысқа толқыншы әуесқой
HF	High freguncy	Жоғары жиілік
HI	---	Күлкінің мәні
HOPE, HPE	Hope	үміттенемін
HR	Here	Осында
HRD	Heard	Естідім
HW	---	Қалыңыз қалай, мені естисіз бе?
INFO	Information	ақпарат
K	---	таратудың соңы
KW	Kilowatt	Киловатт
AT	Latitude	ендік
LF	Low freguency	төменгі жиілік
LID	---	Нашар оператор
LONU	Longitude	Ширек
LOG	Logdook	радиостанциялар тізімі
LSB	Lower side band	төменгі жанама жолақ
LTR	Letter	Хат
MIKE	Microphone	Микрофон
MFN	Minute	Минут
MN1	Meny	көпшілігі
MOM	Moment	Сәт
MSG	Message	Хабарлама
MTR	Meter	Метр
NEAR, NR	Near	жақын
NBFM	Narrow band	жіңішке жолақты модуляция
modulation		
NIL	---	Ештеңе

NR	Number	Номер
NW	Now	енді хабарлауға кірісемін
OK	---	Түсіндім, қабылдадым
OM	Old man	Таныс
ONLY	Only	тек
OP, OPR	Operator	Оператор, радист
OUTPT	Output	берілетін қуат
PA	Power amplifier	күшті ұлғайтқыш
PM	Post meridian	Түстен кейін
PSE	Please	Өтінемін
PSED	Pleased	Ризамын
PWR	Power	Қуат
R	Right	дұрыс қабылдадым
RCV	Receive	қабылдау
RCVR	Receiver	қабылдағыш
REPT, RPRT	Report	Хабарлама
RIG	---	таратқыш
RPT	Repeat	қайталау
RTTY	Radioteletype	Радиотелетайп
SIGS	Signals	Сигналдар
SK. ED	Schedule	жұмыс кестесі
SM.SUM	Some	кейбіреуі, бірнешеуі
SOON, SN	Soon	Жуырда
SORI, SRI	Sorry	өкінішке орай
SSB	Single side band	бір жолақты модуляция
STN	Station	Станция
SURE	Sure	Сенімділік
SWL	Short wave listener	бақылаушы
SWR	Slanding wave radio	толқын коэффициенті (КСВ)
TEST	Test	жарыс
TIME	Time	уақыт
TKS	Thanks	рахмет
TNX	Thanks	рахмет
TRCVR	Tranceiver	Трансивер
TU	Thank you	Рахмет
TUBE	Tube	Лампа
TVI	Television interference	телевидения кедергісі
TX	Transmitter	таратқыш
TXT	Text	мәтін
U	You	Сіз
UFB	Ultra fb	УҚТ

UNLIS	Unlicensed	заңсыз станция
UP	Up	жоғары
UR	Your	сіздікі
URS	Yours	Сіздің
USB	Upper side bind	жоғарғы жанама жолақ
VIA	Via	арқылы
VFO	Variable frequency oscillator	баяу диапазон генераторы
VHP	Very high frequency	өте жоғары жиілік
VY	Very	өте
WTTS	Watts	ваттар
WEAK	Weak	әлсіз
WID	With	осыдан
WKD	Worked	жұмыс істеген
WLL	Will	боламыз
WRK	Work	жұмыс, жұмыс істеу
WRKD	Worked	жұмыс істеді
WW	World wide	бүкіл әлем
WX	Weather	ауа-райы
XTAL	Crystal	кварцты кристалл
XYL	Ex young lady	әйел
YES	Yes	иә
YL	Young lady	қыз
73	---	игі тілектер
88	---	ғашықтық
БЛГ	---	ризамын
ДСВ	---	сау болыңыз
ЗДР	---	Саулығыңызды тілеймін
НЛД	---	"әуесқой диапазондағы" айдар
СПБ	---	рахмет
AS	---	күтіңіз
AR	---	хабардың соңы
ПК	---	жартылай дуплекспен жұмыс істеу
BT	---	бөлімнің белгісі
KN	---	өз корреспондентімді тыңдаймын
SK	---	таратудың толық аяқталуы

Радиоәуесқойлық қызметтің  
радиоэлектрондық  
қондырғыларын тіркеу  
және пайдалану  
Ережесіне 16-қосымша

## Қазақстан Республикасы облыстары мен қалаларының шартты белгілері

--	--	--

№ р/с	Атаулары	Суффикстен басқы әріптері
1.	Астана қаласы	Z
2.	Алматы қаласы	G
3.	Ақмола қаласы	B
4.	Алматы қаласы	Q
5.	Ақтөбе облысы	I
6.	Атырау облысы	O
7.	Шығыс Қазақстан облысы	J
8.	Жамбыл облысы	T
9.	Батыс Қазақстан облысы	M
10.	Қарағанды облысы	P
11.	Қызылорда облысы	K
12.	Қостанай облысы	L
13.	Маңғыстау облысы	A
14.	Павлодар облысы	F
15.	Солтүстік Қазақстан облысы	C
16.	Оңтүстік Қазақстан облысы	N
17.	Байқоңыр қаласы	S

Төтенше жағдайлардағы әуесқойлық байланыс қызметінің радиостанциялары шақыру сигналдарының суффиксі Х әрпінен басталады.

Н – резервте.

Суффиксің D, E, R, V, Y әріптері аумақтық әкімшілік өзгерістерге байланысты берілмейді, босаған кезде резервке жіберіледі.

Радиоәуесқойлық қызметтің  
радиоэлектрондық  
қондырғыларын тіркеу  
және пайдалану  
Ережесіне 17-қосымша

## Ұжымдық әуесқойлық радиостанция операторларының тізімі

Шақыру сигналы \_\_\_\_\_

Радиостанция орналасқан  
мекен-жай \_\_\_\_\_

Басшының Т.А.Ә \_\_\_\_\_

Басшының қызмет және үй телефоны \_\_\_\_\_

--	--	--	--	--



№ р/с	Оператордың Т.А.Ә.	Жеке шақыру сигналы	Рұқсат етілген санаты	ТҚ жөніндегі соңғы нұсқаулықтан өткен мезгілі

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 200 \_\_\_\_ Г

Басшының қолы \_\_\_\_\_

Радиоәуесқойлық қызметтің  
радиоэлектрондық  
қондырғыларын тіркеу  
және пайдалану  
Ережесіне 18-қосымша

### Спорттық радиопеленгация таратушылардың шақыру сигналдары

№	Тағайындама	Шақыру сигналы	
		Телеграф	Телефон
1.	Белгісі	MO (MOT)	"Түлкі"
2.	Түлкі-1	MO E	Бірінші түлкі
3.	Түлкі-2	MO I	Екінші түлкі
4.	Түлкі-3	MO S	Үшінші түлкі
5.	Түлкі-4	MO H	Төртінші түлкі
6.	Түлкі-5	MO 5	Бесінші түлкі

т. с. с. отыз таратқышқа дейін.